

Жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы № А-12/433 қаулысы. Ақмола облысы Жарқайың ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 18 қаңтарда № 1-12-121 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № А-2/22 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 26.01.2016 № А-2/22 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Заңына, «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 31 бабындағы 1 тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Заңының 7 бабындағы 5-2 тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 08.10.2013 № А-10/343 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 29 желтоқсанындағы № А-13/387 «Жұмыс орындарының жалпы санынан мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы» қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1-12-103 тіркелген, 2009 жылдың 30 қаңтарында «Целинное знамя» аудандық газетінде жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Ұ . А . А х м е т о в а ғ а** жүктелсін.

4. Осы қаулы Жарқайың ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жарқайың ауданының әкімі

А.Қалжанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК